

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 тамызда № 15495 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМАНЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 06.01.2022 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) ресми жарияланған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

A. Мұхамедиұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
_____ Т. Дүйсенова
2017 жылғы 19 шілде

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің 2017 жылғы
17 шілдедегі № 209
бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамалары

**Ескерту. Біліктілік сипаттамалары жаңа редакцияда – КР Мәдениет және спорт
министрінің 25.01.2023 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.) бұйрығымен.**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) кадрларды дұрыс іріктеуге және орналастыруға, олардың біліктілігін арттыруға, қызметкерлерді аттестаттауға, басшылар, мамандар арасында еңбекті бөлуге, , сондай-ақ қызметкерлердің осы санаттарының лауазымдық міндеттерін және оларға қойылатын еңбекақы төлеу санаттары бойынша біліктілік талаптарын айқындауда бірынғайлықты қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған.

2. Бухгалтер, экономист, заңгер, кадрлар жөніндегі маман, аудармашы мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 775 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14281 болып тіркелген) бекітілген барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында айқындалған.

Басшылар мен мамандар, ғылыми қызметкерлер, бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандар және өзге де инженерлік-техникалық персонал лауазымдарының біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген) бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында айқындалған

3. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нақты ұйымдастыру-техникалық жағдайларында тиісті лауазымға тән жұмыстар тізімін нақтылауға рұқсат етіледі және қызметкерлерді қажетті арнайы даярлауға қойылатын талаптар белгіленеді.

4. Біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен әзірленді.

2-тaraу. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік үйымдар, цирктер) басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-бөлім. Басшылардың лауазымдары

Параграф 1. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымының (театрлар, концерттік үйымдар, цирктер) басшысы (директоры)

5. Лауазымдық міндеттері:

Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымының (бұдан әрі – Ұйым) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді; мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланулын қамтамасыз етеді; сыйбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді;

қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді (прокат), жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) шығаруды ұйымдастырады;

қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді;

Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі;

шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді;

Ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Ұйымның мұддесіне өкілдік етеді;

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

6. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі – Конституция);

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін (бұдан әрі – Бюджет кодексі);

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі);

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (бұдан әрі – Еңбек кодексі);

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі)

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыйайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алушар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-223/2020 бүйріғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21721 болып тіркелген) бекітілген Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын (бұдан әрі – дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары);

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

7. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

1) республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылықлауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе "Шетелде кадрлар даярлау бойынша республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандығы № 470 Жарлығына сәйкес Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс орган) бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық

ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

2) қалалық, аудандық маңызы бар ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдары, филиалдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 2 жылдан кем емес.

Параграф 2. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйым (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) басшысының (директорының) орынбасары

8. Лауазымдық міндеттері:

Ұйым қойылымдарының (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) көрсетілім жоспарының орындалуын ұйымдастырады;

көшпелі қойылымдардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді, оларды өткізуі ұйымдастыру шарттарының жобаларын әзірлейді;

қызметтің негізгі бағыттары бойынша жеке және занды тұлғалармен қарым-қатынаста ұйым мүдделеріне өкілдік етеді;

шаруашылық және техникалық қызметтердің жұмыстарын ұйымдастырады;

Ұйымның құрылымдық бөлімшелері үшін кадрларды іріктеуді жүзеге асырады және оларды Ұйым директорына ұсынады;

қызметкерлердің өндірістік білім алуы мен біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады, олардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек тәртіптемесін сақталуын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің медициналық тексеруден тұрақты өтуін қамтамасыз етеді.

9. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік ресімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының зандарын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

10. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білім:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

1) республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 4 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 3 жылдан кем емес;

2) қалалық, аудандық маңызы бар ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдары, филиалдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 2 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 1 жылдан кем емес.

Параграф 3. Цирктің бағдарламаларды шығару бойынша шығармашылық ұжымының жетекшісі

11. Лауазымдық міндеттері:

цирктің бағдарламаларды шығару бойынша шығармашылық ұжымына ұйымдастырушылық-шығармашылық жетекшілікті жүзеге асырады;

цирк жұмысын жоспарлауды және жоспардың орындалуын, дайындық кезеңінің өтуін қамтамасыз етеді;

шығармашылық ұжымның өндірістік-шығармашылық қызметіне, бағдарламаларды шығаруға қатысты жұмыстарды орындаиды;

цирк қызметкерлерімен цирк манежінде және алаңдарда шығармашылық ұжым көрсетілімдерін өткізуі ұйымдастырады;

цирктердің көркемдік және қызмет көрсету персоналын ірікте алуды қамтамасыз етеді;

аппаратураны, реквизитті және костюмдерді жөндеу бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді;

бағдарламаларды шығаруға шығармашылық ұжымның қойылымдық жұмыстарына шығыс сметасын жасайды;

шығармашылық ұжымда жайлы моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады;

шығармашылық ұжым қызметкерлерінің еңбек тәртіптемесін орындауын қамтамасыз етеді.

12. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын.

13. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет ұйымдарында басшылық персонал лауазымдарда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 4. Бас режиссер

14. Лауазымдық міндеттері:

театр, музыка, би және цирк ұжымдарының көркемдік-әртістік персоналына жаңа және бүрын жасалған қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жаңғырту бойынша шығармашылық басшылықты жүзеге асырады;

ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетілімдерінің күнтізбелік жоспарын қарастырады және директордың бекітуіне ұсынады;

перспективалық репертуарлар жоспарларын, қойылым қоюдың жоспар-кестелерін әзірлейді және оларды директорға бекітуге уақтылы ұсынады;

қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады;

жұмыс барысында авторлармен және шығармашылық одақтармен тұрақты байланысты жүзеге асырады, төраға немесе төрағаның орынбасары ретінде органның көркемдік кеңесінің жұмысына қатысады;

шығармашылық құрамның ішінде тәрбиелік жұмыстарды жүргізеді;

шығармашылық қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және тікелей қатысады;

көркемдік-әртістік персоналдың шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауларын қамтамасыз етеді, қызметкерлерді ынталандыру туралы және тәртіптік жазаға тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

15. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

16. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 5. Бас дирижер

17. Лауазымдық міндеттері:

музыкалық қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) жаңаларын жасау және бұрын жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және басшылық жасайды;

тұрақты орындардағы, көшпелі және гастрольдердегі қойылымдардың жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді;

оркестрге дирижерлік етеді;

перспективтік репертуарлық жоспарларды, қойылымдар қоюдың жоспар-кестелерін әзірлейді, қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады.

18. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дирижерлік ету теориясын, музыкалық театрлар мен концерттік ұйымдардың классикалық және заманауи репертуарларын, музыка және театр тарихын, музыкалық драматургия, актерлік шеберлік, вокалдық өнер негіздерін, вокалдық педагогика әдістемесін.

19. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 6. Бас балетмейстер

20. Лауазымдық міндеттері:

балет қойылымдарының (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) жаналарын дайындау және шығару және бұрын жасалғандарын жаңарту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және басшылық жасайды;

тұрақты орындарда, сапарларда және гастрольдерде қойылымдардың жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді;

композиторлармен және драматургтармен жаңа сахналық туындылар жасау бойынша жұмыстарды жүргізеді;

балет труппасы (би ұжымы) жұмысының көркемдік қағидаларын айқындайды, ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларын, қойылымдар жасаудың жоспар-кестесін әзірлейді, қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады;

ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетілімдерінің күнтізбелік жоспарын қарастырады және басшылыққа бекітуге ұсынады;

шығармашылық кадрларды іріктеуге, орналастыру мен пайдалануға, балет құрамының кәсіби білім алуын ұйымдастыруға қатысады.

21. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

22. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында З жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 7. Бас хормейстер

23. Лауазымдық міндеттері:

хор ұжымына басшылық жасайды, тұрақты орындарда, сапарларда және гастрольдерде оның шығармашылық қызметінің жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді;

қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) жаңаларын дайындау мен шығару және бұрын жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарға қатысады;

композиторлармен жаңа сахналық туындыларды жасау бойынша жұмыс жүргізеді;

перспективалық күнтізбелік жоспарларды, қойылымдар жасаудың жоспар-кестелерін әзірлеуге қатысады;

хор жетекшілерінің жұмысын қамтамасыз етеді, оларға қажетті шығармашылық көмек көрсетеді;

шығармашылық кадрларды іріктеуге, орналастыру мен пайдалануға, олардың кәсіби білім алудың үйымдастыруға қатысады;

хор әртістерінің шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауларын қамтамасыз етеді

24. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

25. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында З жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 8. Бас суретші

26. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) көркемдік-қойылымдық шешімдерінің қағидаларын әзірлейді;

жаңа және жаңартылатын қойылымдардың, театр интерьерінің көркемдік безендірлуі мен сахна безендірлуінің, жарнамалар мен тақырыптық көрмелердің сапасын қамтамасыз етеді;

қоюшылардың пайымына сәйкес жаңа және бұрын дайындалған қойылымдарды безендіруді жасайды;

негізгі қойылымдарды безендіруге (декорациялар, костюмдер) қатысады, жаңа және жаңартылатын қойылымдарға безендіру макеттері мен эскиздерінің, костюмдердің уақтылы ұсынылуын, қойылымдарды дайындау мен шығарудың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

көркемдік-қойылым жөніндегі мамандардың жұмысын қамтамасыз етеді және оларға қажетті шығармашылық көмек көрсетеді;

көркемдік-қойылым жөніндегі кадрларды іріктеуге қатысады, олардың кәсіби өсуіне ықпал етеді;

театр-қойылымдық техникалар, технологиялар, жаңа материалдар саласындағы ең жаңа жетістіктерді зерделеуді және енгізууді ұйымдастырады.

27. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

қойылымдарды сахналық безендірудің барлық компоненттерін жасау және әзірлеу қағидаларын, декорация өнерінің тарихын, театр тарихын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын.

28. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (бейнелеу өнері), және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды

дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (бейнелеу өнері), және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 9. Бас әкімші (спектальдерді, концерттерді, цирк көрсетілімдерін ұйымдастыру жөніндегі менеджер)

29. Лауазымдық міндеттері:

көрермендерді қабылдауға және қызмет көрсетуге көрермендер залын, театрлық ойын-сауық ұйымның құрамы үшін сахна сыртындағы бөлмелерді даярлайды, театрлық ойын-сауық ұйымдарының орынжайларында және оған жапсарлас аумақтарда тазалықты қамтамасыз етеді;

жарнамалауды, бағдарламалардың, буклеттердің сатылымын ұйымдастырады;

көрермендерге, ұйым қызметкерлеріне қызмет көрсететін буфеттердің жұмысын қамтамасыз етеді, фойеде сауда нұктелерінің жұмысын ұйымдастырады;

көшпелі спектакльдерді, концерттерді, цирк көрсетілімдерін ұйымдастыруға, гастрольдерді даярлауға және өткізуға қатысады.

30. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын.

31. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 10. Әдеби-драмалық бөлім менгерушісі (жетекшісі)

32. Лауазымдық міндеттері:

театрдың репертуарын қалыптастыруға, қажетті әдеби материалды іріктеуге қатысады;

шығармашылық одактармен байланысты жүзеге асырады, жаңа шығармаларды жасау немесе сатып алу бойынша шарт жасау жұмыстарын ұйымдастырады және авторлардың шарт міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз етеді;

Ұйымның көркемдік кеңесінің жаңа туындыларды талқылауын ұйымдастырады, қойылымға қабылданған шығармалар мәтіндері мен либреттосын редакциялайды; жарнамалық басылымдарды редакциялайды; бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен байланысты жүзеге асырады.

33. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактар құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлар жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

театр, музыка, балет, әдебиет тарихын, музыкалық драматургия негіздерін, классикалық және қазіргі заман әдебиетін.

34. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалқы ғылымдар (тілдер және әдебиет бойынша) өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер, филология) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (журналистика) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органдары бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалқы ғылымдар (тілдер және әдебиет бойынша) өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер, филология) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (журналистика) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 11. Музыка бөлімінің менгерушісі (жетекшісі)

35. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) музыкалық безендірілуін жасау бойынша жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады;

ұжымның репертуарында музыканы пайдалану әдістерін жасайды;

жаңа қойылымдар үшін музыка жасауға тартылатын композиторлардың кандидатуралары туралы ұсыныстар енгізеді;

оркестрдің, концертмейстердің жұмысын басқарады, қойылымдағы рөлдерді орындаушылармен музыка сабактарын және дайындықтар өткізеді, радиотехниктер мен дыбыс режиссерлерінің жұмысын қамтамасыз етеді;

сахнада музыканың (ән) орындалуына байланысты рөлдерді бөлуге қатысады;

сахнада музыканың орындалуының көркемдік сапасын, жаңа қойылымдардың музыкалық безендірілуін, оркестр әртістері мен жекелей музыкант-орындаушылардың тиісті пайдаланылуы мен жұмыспен жүктелуін қамтамасыз етеді.

36. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

37. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орндарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 12. Труппа менгерушісі (жетекшісі)

38. Лауазымдық міндеттері:

театр труппасының өндірістік-шығармашылық қызметіне үйымдастыруышылық басшылықты жүзеге асырады;

ағымдағы репертуар спектакльдерінде труппаның тиімді және біркелкі жүктелуін қамтамасыз етеді;

жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың рөлдерін бөлуге қатысады, ағымдағы репертуардағы спектакльдерге жаңа орындаушыларды енгізу бойынша ұсыныстар енгізеді;

жаңа рөлдерге әртістерден өтінімдер қабылдайды және оларды басшылықтың қарауына ұсынады;

қойылымға қабылданған жаңа спектакльдер мен қайта қойылатын қойылымдар бойынша дайындық жұмыстарының жоспарын жасауға, театрдың ағымдағы репертуарын жоспарлауда қатысады;

спектакльдерде әртістердің өнер көрсету нормаларының орындалуын және көркемдік персоналдың қойылым нормаларын есепке алуды жүзеге асырады, театрдың шығармашылық құрамының шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді.

39. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

ұйымның шығармашылық-өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметтің реттейтін мәдениет саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді, режиссура және актерлік шеберлік негіздерін.

40. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 13. Қөркемдік-қойылымдық бөлімінің менгерушісі (жетекшісі)

41. Лауазымдық міндеттері:

тұрақты орындарда әрі гастрольдер мен сапарлар кезінде қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) өткізілуін, декорациялардың жасалуын, олардың құрастырылуын ұйымдастырады;

безендіру макеттері мен эскиздерін қарауға қатысады;

техникалық мамандармен бірге олардың талқылануын, макеттерді, сметалық және техникалық құжаттамаларды жасауды, құрастыру сыйбаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

спектакльдерді, бағдарламаларды қөркемдік безендіру бойынша жұмыстардың жоспарлары мен кестелерін жасауды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді, қосалқы қорлардан безендіру бөлшектерін тандау және пайдалану мүмкіндігін ұйымдастырады;

гастрольдерге және көшпелі спектакльдерге сахналық мүлікті дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

42. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

театр декорацияларын, жиһаздарды, реквизиттерді жасау техникасы мен технологияларын, театр өндірісінде қолданылатын материалдар фактураларының қасиеттерін, ерекшеліктерін.

43. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 14. Өндірістік шеберхана менгерушісі (жетекшісі)

44. Лауазымдық міндеттері:

өндірістік шеберхананың қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) материалдық безендірілуін жасау бойынша жұмыстарын басқарады;

көркемдік-қойылымдық бөлімнің декорацияларды безендіру, толықтыру және ағымдағы жөндеу бойынша тапсырмаларының уақтылы әрі сапалы орындалуын, ағымдағы репертуардың жаңа және бұрын жасалған қойылымдардың безендірілуін қамтамасыз етеді;

жабдықтарды жаңғырту, техника мен технологияның ең жаңа жетістіктерін енгізу бойынша жұмыстарды үйымдастырады.

45. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

безендіру заттары мен бөлшектерін жасау, қолданылатын жабдықтарды техникалық пайдалану технологиясын.

46. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру үйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес немесе "өнер және мәдениет"

мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 15. Театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) топ (оркестр, ансамбль), бөлім жетекшісі

47. Лауазымдық міндеттері:

концерттік іс-шаралардың музикалық безендірілуін жасау бойынша жұмысқа басшылықты жүзеге асырады;

режиссермен бірлесе отырып, ұжым репертуарында музиканы пайдалану әдістерін әзірлейді;

жаңа қойылымдар үшін музиканы жасауға тартылатын композиторлардың кандидатуралары туралы ұсыныстар енгізеді;

оркестрдің (ансамбльдің) және сүйемелдеуші-концертмейстерлердің жұмыстарын басқарады, орындаушылармен музикалық сабактар мен дайындықтар өткізеді, радиотехниктер мен дыбыс режиссерлерінің жұмыстарын қамтамасыз етеді;

партияларды, рөлдерді, нөмірлерді бөлуге қатысады;

сахнада шығармаларды орындаудың көркемдік сапасын, жаңа қойылымдардың музикалық безендірілуін дайындауды, әртістердің тиісті пайдаланылуы мен жүктелуін қамтамасыз етеді;

дайындық жоспарлары мен дайындық кестелерін, жаңа қойылымдарды дайындаудың жоспар-кестелерін құруды, дайындықтар мен концерттердің, көрсетілімдердің, көркемдік және әртістік персоналдың шығармашылық жұмысының есебін жүргізуі ұйымдастырады.

48. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

музыка, балет тарихын, музикалық жұмыс ерекшеліктерін.

49. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музикалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында З жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды

дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Параграф 16. Театрлық-концерттік ұйымдардың көркемдік жетекшісі

50. Лауазымдық міндеттері:

театр, музыка, би, цирк ұжымдарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

тұрақты орындарда, гастрольдік және шығармашылық сапарларда өнер көрсету кезінде қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, цирк көрсетілімдерінің) жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді, жаңа қойылымдарды жасаумен және бұрын жасалған қойылымдарды жаңартумен, тұрақты, гастрольдік және шығармашылық сапарларда өнер көрсету кезінде оларды жалға берумен байланысты жұмыстар кешенін қамтамасыз етеді;

ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетілімінің күнтізбелік жоспарларын қарастырады және бекітеді;

белгіленген нормаларға сәйкес негізгі қойылымдардың көрсетілімін жүзеге асырады, авторлармен жаңа сахналық туындыларды жасау бойынша жұмыстар жүргізеді;

ұжым жұмысының көркемдік қағидаттарын анықтайды, перспективалық репертуарлар жоспарларын, қойылымдар жасаудың жоспар-кестелерін бекітеді;

қойылым топтары мен орындаушылардың құрамдарын қалыптастырады;

төраға ретінде көркемдік кеңестің жұмысын басқарады;

шығармашылық кадрлардың іріктелуін, орналастырылуын және пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

әртістік-көркемдік персоналдың шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді, қызметкерлерді тарифтеу, ынталандыру туралы және тәртіптік жазаға тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

51. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

52. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органды бекітетін басым мамандықтар

бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

2-бөлім. Мамандардың лауазымдары

Параграф 1. Қоюшы-режиссер

53. Лауазымдық міндеттері:

өзіне тапсырылған қойылымдардың жоғары идеялық және көркемдік деңгейін, олардың шығарылымын қамтамасыз етеді, дайындық үдерісін жоспарлайды;

Ұйым басшылығына қойылым топтары мен орындаушылар құрамдарын қалыптастыру бойынша ұсыныстарын ұсынады;

көркемдік-қойылымдық бөлімнің жұмысына басшылық жасайды және қамтамасыз етеді;

партиялар мен рөлдердің жаңа орындаушыларын енгізуді ұйымдастырады, қойылған және жаңартылған бұрынғы қойылымдардың сапасын қамтамасыз етеді;

шығармашылық қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін арттыруға арналған шараларға тікелей қатысады;

шығармашылық және еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлерді ынталандыру және тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

54. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

режиссура және актерлік шеберлік теориясын, сахналық және музикалық безендіру негіздерін, классикалық және заманауи драматургияны, вокалдық, хор және хореографиялық өнер негіздерін, партитуралармен және музикалық-сахналық шығармалармен жұмыс істеуді.

55. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман режиссер лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман режиссер лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 2. Режиссер

56. Лауазымдық міндеттері:

жаңа қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жасауға және бұрын жасалғандарын жаңғыртуға тікелей қатысады;

қойылымдарға жаңа орындаушылардың енгізілуін жүзеге асырады, дайындық үдерісін жоспарлайды;

театрлық ойын-сауық үйымдардың өндірістік-шығармашылық қызметіне қатысты жұмыстарды қамтамасыз етеді.

57. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

классикалық және заманауи драматургияны, режиссура және актерлік шеберліктің теориясы мен практикасын, партитурамен және музикалық-сахналық шығармамен жұмыс істеуді, спектакльдерді (концерттік, цирктік бағдарламаларды) сахналық және музикалық безендіруді, вокалдық өнер негіздерін.

58. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман режиссер лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман режиссер лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман режиссер лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 3. Дыбыс режиссері

59. Лауазымдық міндеттері:

жана және жаңғыртылған қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) дайындауға қатысады, техникалық құралдарды пайдалана отырып, қойылымдардың дыбыстық безендірілуін жасайды;

қойылымдарды жасаудың дайындық кезеңіне қатысады, қажетті фонограммалар таңдайды және (немесе) оларды жаздыруды үйімдастырады;

дайындық үдерісін фонограммалармен қамтамасыз етуге қатысады;
ағымдағы репертуар қойылымдарында фонограммалардың дыбысталу сапасын
қамтамасыз етеді;

Ұйымның радиоцехы қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша
шаралар әзірлеуге, көрмермендер аудиториясын ұлғайтуға бағытталған орындаушылық
өнерді насиҳаттау жұмысына тікелей қатысады;

Дыбыс жазушы және дыбыс ұдетуші жабдықтарды алдын ала тексеру және
ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстарын жүзеге асырады.

60. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлар
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

режиссура және актерлік шеберлік негіздерін, қойылымдарды музикалық және
дыбыстық безендірудің теориясы мен практикасын, заманауи дыбыс жазушы және
дыбыс шығарушы аппаратуралардың параметрлері мен техникалық сипаттамаларын,
дыбыс жазу және дыбыс шығару технологиясын, акустика негіздерін, театр және
концерттік залдардың, цирктердің акустикалық мүмкіндіктерін, отандық және әлемдік
театр, музика, цирк өнері мен әдебиеті тарихын.

61. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды
дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және
біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс
өтілі;

2) I санаттағы өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау
бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі
жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды
дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және
біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс
өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық
ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары
оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта
кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі
I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 4. Қоюшы-балетмейстер

62. Лауазымдық міндеттері:

жаңа балет қойылымдарын (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) қоюға және бүрын жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарға қатысады;

балет қойылымдарына жаңа және қосалқы орындаушыларды енгізеді;

орындаушылармен дайындықтар және сабақтар өткізеді, ағымдағы репертуар қойылымдарының сапасын қадағалайды.

63. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

64. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (хореография) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (хореография) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (хореография) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (хореография) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

